



үшін процесі сутектің жоғары қысымында өткізеді. Дегидроциклдеу жылдамдығы алкандардың тізбегінің ұзындығын көбейткенде артады.

Алкандарды ароматтау механизмі әзірше толығымен түсініксіз. Қышқылдық және гидрлеу - дегидрлеу функцияларын біріктіретін риформингтің буфункционалды катализаторларында түрленулердің келесі сұлбасы болуы мүмкін: нормалды алканды дегидрлеу (металда), карбатион түзілуі (қышқылды активті орталықтардың қатысуымен), ионды циклдеу, циклоалкенді бөлумен протонды жоғалту, циклоалкенді дегидрлеу, немесе жалпы түрде:



Алкандарды дегидроциклдегенде теориялық мүмкін барлық изомерлік арендер түзіледі:



10 және одан көп көміртек атомын құрайтын алкандардан конденсацияланған сақиналы арендер түзеді. Соған сәйкес ұзын тізбекті арендер қосымша циклдерді тұйықтауы мүмкін. Алкандарды дегидроциклдеу нәтижесінде алғашқы алканның құрылысына сәйкес максималды құрайтын метил орынбасарлы нафталин және бензол гомологтары түзіледі.

Гидрокрекинг төмен алкандарды береді:

